

## ТҮРКІСТАН ӨЛКЕСІНДЕ ПАТША ӨКІМЕТІ ҮСТЕМДІГІНІҢ ОРНАУЫ

Альдибаева Аида

М.Х. Дулати атындағы Тараз Мемлекеттік Университеті, Тараз қ.

Елімізді өз билігіне енгізген Ресей империясы қазақ қоғамының дәстүрлі құрылымын күйретуді мақсат етіп, қазақ даласын бөліске салып, мемлекетілік сананы жоюға тырысты. Нәтижесінде патшалық Ресейдің әскери-отарлық әкімшілігі мен жергілікті халық арасындағы қатынаста қайшылықтар шиеленісе түсіп, үнемі қақтығыстарға соқтырып отырды. Дегенмен халқымыз есін жинап өз тәуелсіздігін қалпына келтіріп, Елбасымыз Н.Ә.Назарбаев жазғандай: «Алыс-жақын ғасырлардың оң бойында дала билеушілері аса қуатты империялардың қысымына және ішкі алауыздықтың дүмпүіне төтеп бере жүріп, ең басты байлығымызды - ұлттық тұтастық пен ұлттық жер аумағын сақтап қала алды» [1].

XIX ғасырдың екінші жартысы мен XX ғасырдың басында Ресей империясының Оңтүстік Қазақстан өңірінде әлеуметтік-экономикалық саяси-мәдени және рухани-ағартушылық салаларда жүргізген орыстандыру мен шоқындыру саясаты өз орнын иеленіп отыр. Қазақ хандарының билігін жойғаннан кейін Ресей өзіне бағынышты аймақтарында Ресейдің әскери - әкімшілік жүйесін енгізуге нақты мүмкіндік алып, оны іске асырады. Олардың міндетіне қазақ даласындағы әскери-полициялық және азаматтық істерді жүргізу тапсырылып, шексіз биліктің иелеріне айналды. «Қазақстандағы патша әкімшілігі, - деп жазды академик С.З.Зиманов, - үлкен дербес саяси билікке ие болды. Бұл мекемелердің іс-әрекеттерін жоғарғы сатыда тұрған билік орындары қолдады немесе үнсіз ғана келісіп отырды» [2].

Оңтүстік Қазақстан өңірі біртұтас қазақ тарихы секілді XIX ғасырдың екінші жартысы мен XX ғасырдың басында Ресей империясы тарихының саяси-экономикалық және қоғамдық өмірімен тығыз байланысты етті. Бұл кезеңде қазақ халқы Ресей империясының отарлық езгісіне ұшырап, әлеуметтік-рухани әсеріне түскен. Патшалық Ресейдің қазақ өлкесіне енуімен қатар, қазақтың мәдени өмірі мен оның дәстүрлі білім беру жүйесі де көптеген өзгерістерге ұшырады. Әйткені, Ресей империясының қазақ даласындағы негізгі мақсаты халық ағарту саласын реттеу арқылы

орыстандыру және өзінің үстемдігі мен тұтастығын нығайту болды. Ресей империясының Оңтүстік Қазақстан жерін отарлау үрдісі екі отар шептері арқылы іс жүзіне асты. Екі бағытта кең қанат жайған отар әкімшілігі жоспарлы түрде жылжыды.

Жетісу өлкесін отарлауда патша өкіметі XIX ғасырдың басынан жылдамдаса, XIX ғасырдың ортасынан бастап Қазақстанның оңтүстік облыстары мен Орта Азия хандықтарын жаулап алудың жоспарын іс жүзіне асыруда бір қатар жетістіктерге қол жеткізді.

Патшаның бекіткен шешімі бойынша Оңтүстік Қазақстанға төрт миссия жіберілді.

1867 жылдың 11 шілде айында Сырдария және Жетісу облыстарын басқару ережесі бекітілді. Ережеге сәйкес, Оңтүстік Қазақстанды құрайтын екі облыс, орталығы Ташкент қаласы болып, Түркістан генерал-губернаторлығына қаратылды. Түркістан генерал-губернаторлығының құрамына Заравшан, Амударья, Ферғана, барлық Каспийдің арғы жақ жағалауы (Закаспий) қаратылды. Түркістан өлкесінің алғашқы генерал-губернаторы болып К.П.Кауфман тағайындалды. Ол жөнінде тарихта мынадай пікір қалыптасқан: "К.П.Кауфман Түркістан генерал-губернаторлығының негізін қалаушы емес, ол жергілікті халықты барынша қанап, шексіз билікке иеленген қанішер, сонымен бірге, қызметтегі құқығын кеңінен пайдаланған жауыз" [3].

Облыстар өз кезеңінде уездерге бөлінді. Оңтүстік Қазақстан өңірін құрастырған Сырдария облысына аталмыш ережемен бекітілген төмендегі уездер кірді. Олар - Қазалы, Перовск, Түркістан, Шымкент, Әулиеата, Ташкент, Хожент және Жызақ уездері еді. 1887 жылы патшалық басқару әкімшілігінің жаңа өзгерістер енгізуімен қайтадан құрылған - Түркістан өңірі, басқару ережесі бойынша - Ходжент уезі жаңа құрылған Самарқан облысының құрамына енді. Түркістан уезі қысқартылып, Шымкент және Перовскі уездері арасында екіге бөлінді. Амударья болса, уезд дәрежесін алып, Сырдария облысының құрамына енді. 1867 жылғы Түркістан өлкесіне енгізілген ережеге сәйкес, жергілікті орыс әкімшілігі жаппай мұсылмандықпен күрес жұмысын жүргізді. Орыс әкімшілігі мұсылмандық дін басыларының құқықтарын шектеуді көздеді. Аймақтың діни істері Орынбор діни жиналысы қарауынан алынып, азаматтық әкімшілішікке қаратылды. Мектеп, медреселер және мешіттерді салуға шек қойылды, оларға бақылау орнатылды. Әрбір болыста бір ғана молда болуына рұқсат етілді. Оны әскери губернатор өз қалауы бойынша бекітіп, босатып отырды. Енгізілген ережеге сәйкес әрбір уездік қалада аралас бір мектеп ашу мәселесі қолға алынды. Патша өкіметінің бұл ұстанымын оқу-ағарту саласындағы орыстандыру саясатының алғашқы қадамдары ретінде қарастырған жөн.

Себебі, осы сәттен бастап қазақ балаларына, орыс жер аударушылардың деревнялары мен қазақ станцияларында ашылған мектептерде тегін немесе шамалы төлем ақы беріп, білім алуларына рұқсат етілді. Нәтижеде, 1867 жылғы ереже бойынша: Оңтүстік Қазақстан өңірі Ресей империясының заң торабына тәуелді болып, Қазақстанның басқа да жерлері секілді жалпы империялық меншігі етіп жарияланды. Түркістан генерал-губернаторлығының құрылуымен "үш жыл көлемінде патша өкіметі өз әскерлерін бұратана халықтан түрлі салықтарды жинау арқылы қамтамасыз етемін" - деген түсінікпен тонаушылық пиғылдарын күшейттірді. Азаматтық-әскери биліктің нығаюымен әкімшілік-полицейлік, соттық, қаржы және басқа да функциялық қызметтерді атқаратын билік күші, орталық аппаратпен шоғырланғаны деп табылды. 1885 жылы "Түркістан уалаятын уақытша басқару ережесінде" бұл билік жүйесі, Кавказ елдеріне қарағанда "әскери-халықтық билеу," - деп аталған. Басқару жүйесі патша өкіметінің полицейлік-бюрократиялық әрекеттерімен сабақтасып, бұратаналарды билеп-төстеу тәсілдерімен толықтырылды. Патшалық басқару аппаратының пікірінше: аккупациялық жүйе, салық жүйесінің толық орнығуымен бұратаналар арасында орыс тонаушылығына қарсы шыққандардың саяси әсерін әлсіретуде тиісті нәтижелер шығарды. Түркістан генерал-губернаторлығының құрылуы және "1867 жылғы ереже жобасының" енгізілуімен аталмыш талан-тараж қалпынан, яғни аймақты әскери-отарлау мүмкіндіктерінен бас тартылып, бірте-бірте патшалық Ресейдің отарлаған аймақтарға сіңісіп кетуіне және жалпы империялық заңдарға тәуелді етуіне жағдай жасады. "1867 жылғы басқару жобасының" практикалық қолданысқа енуінің алғашқы жылдарында отарлық әкімшілік басқарудың өз кемшіліктері болды. Отарланған аймақтардан қанағаттанарлық нәтижелер шықпады. Қаржы жүйесінің тұрақсыздығы салдарынан өкімет отар билеушілерін қаржыландыра алмады және жоғарғы бюрократиялық аппараттың сенімін ақтамады. Екінші жақтан қарағанда патша өкіметінің Оңтүстік Қазақстандағы және Орта Азиядағы әлеуметтік-экономикалық саясаты сауда-өнеркәсіп бюрократтардың наразылығын тудырып қана қоймай, олардың аймақтағы қимыл іс-әрекеттерін белсендіре әсіреледі. К.П.Кауфман кезінде енгізілген жан-жақты әкімшілік бақылау жүйесі, бюрократтарға қомақты пайда табу көзіне тосқауыл болды. Сондықтан, өкімет мүддесі тұрғысынан алғанда "әскери-халықтық басқару жүйесі" келешекте Түркістан өлкесін жалпы империялық саяси құрылыспен сіңістіру мақсаттарымен өзгертілуі қажет деп тапты. Патша өкіметінің 1867 жылы әзірлеген "Түркістан генерал-губернаторлығын басқару ережесі" тәртібінің қолдану кестесі 1871 жылы аяқталды [4].

1886 жылғы реформа бойынша жаңа нормативті акт өзгертілмеді. "Әскери-халықтық" басқарудың негізгі ұстанымдары сақталды. Аймақтың

экономикалық өмірі мен сот саласы отар әкімшілігінің құқықтарының негізі болып табылды. Экономикалық өмірде отар әкімшілігінің құқықтары мейлінше тарылғанымен Әскери министрлікке, басқа да мемлекеттік ведомстволарға, әсіресе, Қаржы және Шаруашылық министрліктеріне қарасты жана мемлекеттік мекемелермен олардың жергілікті органдары арасында байланыстыратын орталық негізіне айналды. Нәтижесінде бүкіл Сырдария аумағы патша өкіметінің отаршылдық саясатының арнасына түсті. Яғни, Ресей империясының өзіне Жетісу мен Оңтүстік Қазақстанды қосып алуы оның Қазақ даласын толық жаулап алуын аяқтады. Ресей империясы отаршылдық саясатын жүзеге асыра отырып, Сыр бойы қазақтарының тәуелсіздігін аяусыз жаныштап, өңірге отаршылдық-әкімшілік жүйесін орнатуға кіріседі.

#### Әдебиеттер

- 1 Назарбаев Н.Ә. Тарих толқынында. – Алматы: Атамұра, 1999. – 296 б.
- 2 Зиманов С.З. Политический строй Казахстана в конце XVIII и I половине XIX веков. - Алматы: Изд-во АН КазССР, 1960.- 296 с.
- 3 Қожамжарова Д.П. Патшалық Ресейдің Оңтүстік Қазақстанды жаулауы: әскери-отарлық әкімшілік пен жергілікті халық арасындағы қатынас (XIX ғ. II ж. – XX ғ. бас кезі). Т.ғ.д. ...дисс. ҚазҰПУ. 2010.
- 4 Егембердиева М.Ш. Ресей империясының Оңтүстік Қазақстандағы орыстандыру саясаты (XIX ғасырдың екінші жартысы XX ғасырдың басы)